

Астана қаласы әкімдігінің
Ілияс Есенберлин атындағы
«№ 67 гимназия» шаруашылық
жүргізу құқығындағы
мемлекеттік коммуналдық
кәсіпорны

Государственное коммунальное
предприятие на праве
хозяйственного ведения
«Гимназия № 67»
имени Ильяса Есенберлина
акимата города Астана

БҰЙРЫҚ

Астана қаласы

ПРИКАЗ

город Астана

30 шілде 2026 жыл № 462

«Мектепке жол» акциясын
ұйымдастыру және өткізу туралы

Астана қаласы Білім басқармасының № 2050 от 27.07.2026 бұйрығы
негізінде «Мектепке жол» қайырымдылық акциясын ұйымдастыру туралы
БҰЙЫРАМЫН:

1. 2026 жылғы 1 тамыз бен 30 қыркүйек аралығында республикалық
«Мектепке жол» қайырымдылық акциясын ұйымдастырып, 30 шілдеге
дейін акцияны өткізу бойынша мектепшілік іс-шаралар өткізілу
жоспарлансын
Жауаптылар: әлеуметтік педагогтер Г. Нұртай, А. Алжаппарова
2. Мектептің әлеуметтік төлқұжатын қалыптастыру. 5, 15, 25 тамызда
үйлерді (пәтерлерді), шаруашылық субъектілерін аралап, мектепке
бармай жүрген балаларды анықтау және көмекке мұқтаж балалардың
дереккорын жасау;
3. 1 тамыз бен 30 қыркүйек аралығында, әр 10 күн сайын, полиция
департаментімен бірлесіп, «Жұмыспен қамту», «Түнгі қаладағы
балалар» рейдтік іс-шараларын (қоғамдық орындарда, компьютерлік
клубтарда) өткізу арқылы дәлелсіз себеппен мектепке бармай жүрген
балаларды анықтау
Жауаптылар: оқу-тәрбие орынбасарлары, әлеуметтік педагогтер, 1-11
сынып жетекшілері
4. «Балаға мейірім сыйла!», «Отбасы отбасыға көмектеседі: Балаларды
мектепке дайындаймыз!» қайырымдылық акцияларын өткізуді
ұйымдастыру әлеуметтік педагогтер Г. Нұртай, А. Алжаппарова және
қамқоршылық кеңесі.
5. 1 қыркүйекте бірінші сыныпқа қабылданған оқушылар үшін («Бірінші
рет бірінші сыныпқа», «Бірінші сынып оқушыларына сыйлық» және
т.б.) мерекелік іс-шаралар ұйымдастыру
Жауаптылар:
1-сынып жетекшілері, әлеуметтік педагогтер

6. Мектеп жасындағы барлық баланың біліммен толық қамтылуын қамтамасыз ету мәселелері бойынша әлеуметтік педагогтар мен мектеп директорларының оқу, тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлары кеңес өткізу;
7. Жаңа оқу жылына дайындық кезінде көмекке мұқтаж барлық оқушыларды қамту, әлеуметтік осал топтағы отбасылармен жұмыс жүргізу мәселелері бойынша қамқоршылық кеңес отырыстарын өткізу;
8. Акция аясында демеушілер мен меценаттарды тарту жұмыстарын қамтамасыз ету.
9. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары Г. Оналбаеваға жүктелсін.



Н. А. Ильясова